

ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН ДАМУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ 
ӘДӘБИЕТІ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



ИДК

83(5Қаз)я2
ББК-84
Қаз7 Қ17

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Мектеп кітапханасы

Қ 17 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты. 1999. - 750 бет.

ISBN 5-7667-2608-2

"Қазақ мәдениеті" сериясының ұлттық сөз өнеріне арналған "Қазақ әдебиеті" атты энциклопедиялық басылымына қазақ ауыз әдебиетінің, поэзиясының санғасырлық тарихи даму сатыларын айқын аңғартатын ежелгі әдеби нұсқалар, 15-18 ғасырлардағы жырау-жыршылар поэзиясы, ертегі-аңыздар, батырлық, ғашықтық жыр-дастандар, түрік поэзиясының нұсқалары, сондай-ақ, 18-19 ғасырлардағы, 20-ғасырдың бас кезі мен осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің жетістіктері туралы мүмкіндігінше толық және жан-жақты мол мәлімет берілді. Қазақ әдебиеттану ғылымының жалпы түркітану саласында алатын орнын анықтайтын ұғымдар мен терминдер және қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар жайлы өмірбаяндық мақалалар енді. Энциклопедия ғалымдарға, аспиранттарға, студенттерге, сондай-ақ қазақ әдебиеті туралы мол мағлұмат алғысы келетін қалың көпшілікке арналады.

990389
683065

ББК 84 Қаз7

Қ 4702250200-131
00(05)99

ISBN 5-7667-2608-2 (т.2)

ISBN 5-7667-2615-5

"ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
Н.В. ГОГОЛЬ АТЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП © Қазақстан даму институты, 1999
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

МОЛДАХАСАН Мирабаев (Петропавл қ.) – ауыз әдебиетін жинап бастырушы. Өмірі туралы деректер сақталмаған. М. 19 ғ-дың 70 жылдары “Көрғұлы”, “Ғауазхан” жырларын жазып алып, “Хикаят Көрғұлы сұлтан”, “Хикаят Ғауазхан” деген атпен Қазанда бірнеше рет (1885, 1890, 1895, 1902, 1906, 1915) жариялады.

МОЛЫБАЕВ Нұғыман (1906 ж. т., Қызылорда обл., Қазалы ауд., – 11. 9. 1975, Қармақшы поселкесі) – әдеби мұраларды жинаушы, ақын, жырау. 14 жасынан жырау бала атанған. 1943-1975 ж. Қазалы, Қармақшы ауданында автоклуб жетекшісі. 1943-1947 ж. облыста (Қызылорда) Нартай Бегежанов басқарған өнер бригада құрамында болады. Оның өлеңдері әртүрлі жинақтарда, баспасөздерде жарияланған. Ол бірнеше ақындар айтысына қатысқан. Балқы Базарға арнаған бірнеше өлеңдері бар. М. шығармалары “Қазақтың қазіргі халық поэзиясы” (1973), “Халық поэзиясы және бүгінгі өмір” (1976), “Ақын-жыраулар” (1979), “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы” кітаптарға енген. Ол (1943, 1969) Байназар Өтепов, Мұза-рап, Күндебай Алдоңғаров, Жолдасбай Аралбаевтармен айтысқа түскен.

Т. Дайрабай

МОМЫШҰЛЫ Бауыржан (24. 12. 1910, қазіргі Жамбыл обл., Жуалы ауд., Көлбастау ауылы, – 10. 6. 1982, Алматы) – жазушы. Кеңес одағының батыры. Отан соғысына қатысқан, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1975). Панфиловшы, даңқты жауынгер, гвардия полковнигі. Шымкенттегі жетіжылдық интернатты бітірген (1928 ж.) соң, бастауыш мектеп мұғалімі, ауаткомның хатшысы, милиция бастығы болды. 1932 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды. Қызметін өтеп қайтқаннан кейін, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істеді. 1936 ж. Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітірген соң Қызыл Армия қатарына қайта алынып, взвод, рота, командирі, полк штабы бастығының көмекшісі, ал 1941 ж. Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы болды. Отан соғысы басталысымен 316-атқыштар (кейіннен 8-гвардия) дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанды. Москва түбіндегі немістермен болған ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдарында (1944-45) осы дивизияны басқарды. Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, батырлық атақ-даңқы аңызға айналды. М-ның қаһармандық ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А. Бек “Волоколамское шоссе” (1947, 1960, 1962, 1988; қазақ тілінде

“Арпалыс” 1948, 1959, 1977, ауд. Қ. Сағындықов) повесінде жан жақты жазды. Б. Момышұлының өміріне арналған Ә. Нұршайықовтың “Ақиқат пен аңыз” (1976) роман-дилогиясы жарық көрді, “Қазақфильм” киностудиясы “Ел басына күн туса” (1967) көркем фильмін түсірді. Москва акад. драма театры М. туралы “Волоколамск тас жолы” спектаклін қойды. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітірді. 1950-56 ж. әскери академияда сабақ берді және тұрақты әскери қызмет атқарды. “Офицердің күнделігі” (1952), “Бір түннің тарихы” (1954, орыс тілінде), “Біздің семья” (1956, орыс тілінде) атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрді. М. еңбектерін орыс-қазақ тілдерінде бірдей жазды. Негізінен әскери өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриотизмді, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармалар берді. Солардың бірі “Москва үшін айқас” (1959, орыс тілінде – 1958) – халқымыздың қаһармандығын, бірлігі мен туысқандығын, кеңес жауынгерлерінің сом тұлғасын бейнелеген. Отан үшін ұлы шайқастың үлкен бір шежіресі іспеттес күрделі шығарма. Мұнымен қатар “Жауынгердің тұлғасы” (1958), “Майдан” (1961), “Майдандағы кездесулер” (1962, орыс тілінде), “Генерал Панфилов” (1963, қазақ тілінде – 1966), “Төлеген Тоқтаров” (1965),



"Куба әсерлері" (1965), "Ел басына күн туса" (1970), "Ұшқан ұя" (1975), "Адам қайраты" (1981) т. б. кітаптар берді. Шығармалары бірнеше шетел халықтарының тілдерінде басылып шықты. Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, "Құрмет Белгісі" ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Т. Жексенбаев

МОМЫШҰЛЫ Бақытжан (3. 10, 1941 ж. т., Алматы қ.) – жазушы. Алматы шет тілдер пед. ин-тын бітірген. Жамбыл обл-ның Жуалы ауданында тілші, Жамбыл облыстық газетінде аудармашы, "Ленинская смена" газетінде әдеби қызметкер, "Жазушы" баспасында редактор болып істеген. Қазір шығармашылық жұмыста. М. шығармашылық жолын аудармашылықпен бастаған. Ш. Мұртазаевтың "Табылған теңіз", "Бұлтсыз күнгі найзағай" повестерін, Жайсаңбек Молдағалиевтің, Д. Досжановтың, О. Бөкевтің, Қ. Найманбаевтың, Б. Бодаубаевтың, Б. Тоғасбаевтың, Ш. Шаваевтың, М. Айымбетовтың, К. Тоқаевтың т. б. жазушылардың шығармаларын аударды. М-ның бірнеше әңгіме, повесть жинақтары шықты. Шығармаларын орыс тілінде жазды.

Шығармалары: *Добрые мосты. Әңгімелер. А., 1972; Раскаленные камни. Повесть, әңгімелер. А., 1974; Прозрачные льдины. Повесть, әңгімелер. А., 1976; Тихие голоса. Повесть, әңгімелер. А., 1978; Я еще ребенок. Повесть, әңгімелер. А., 1982; Когда ты рядом. Роман. А., 1983; Мен әлі сәбимін. Повесть, әңгімелер. А., 1984; Жанымның жарық жұлдызы. Роман. А., 1985.*

МОНҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. Бат. Монғолиядағы қазақтардың әдебиеті. Ол ұрпақтан ұрпаққа ауызша шығарылып бүгінге дейін жеткен. М. қ. ә. халық ауыз әдебиетінен бастау алады. М. қ. ә. н-нің қалыптасу кезеңінде (1921-40) бір-біріне қарама-қарсы екі бағытта өріс алды. Яғни халықтық бағыттағы: Қабанұлы Туданбек, Көпшікұлы Жеңсікбай, Бөжекұлы Төлебай, Қожекеұлы Мешел, Биғадайұлы Аманбай, Ірбітұлы Оңашбай, Мәлікұлы Отарбай, Байғанұлы Аманбайлармен бірге кертартпа діндарлық идеяларды жақтаған Үрімжіұлы Ақытхажы, Толыбайұлы Қасен сияқты ақындар бой көрсетті. Халық революциясы жылдары Ақтан, Таңдайбай және Самықан бастаған жас ақындар революция мен жаңа өмірді жырға қосты. Төкпе ақын Жеңсікбай Көпшікұлының "Төңкеріс таңы" (1921), "Түнектен шуаққа" (1922), "Зорлық болмаса қорлық болмас" (1924) деген өлең толғаулары қалың бұқараны революцияны жақтауға шақырды. М. қ. ә. өркендеуіне Монғол Халық революциясының үлкен маңызы болды. Адамзат қоғамының дамуында жаңа дәуірдің бетін

ашқан Қазан революциясының тікелей өсерімен 1921 ж. Монғолияда жеңіске жеткен Халық революциясы монғол араттарымен бірге мұндағы қазақ халқына да бостандық пен бақыт әкеліп, оның экономик. және өлеум. өміріне ұлы өзгерістер енгізді. М. қ. ә. н-нің алғашқы буын өкілдері Монғол Халық революциясына дейінгі монғол, қазақ ауыз әдебиетінің прогрессивті дәстүрлерін дамыта отырып, нағыз халықтық, жаңа мазмұндағы партиялық әдебиет жасауға кірісті. Алайда, бұл дәуірде бірқатар саяси, әдеби бағыттағы қиындықтар да кездесті. Монғол Халық Революциялық партиясы өзінің лениндік ұлт саясатын дәйекті түрде жүзеге асыра отырып, 1940 ж. Бай-өлке қазақ аймағын құрып, Монғолиядағы қазақ мәдениеті мен әдебиетін өркендетуге де орасан зор ықпал етті. Қазақтың ұлттық мектептері ашылып, мәдениеті мен әдебиеті дами бастады. Монғолия қазақтары жазба әдебиеті негізін салушылардың бірі болған Ақтан Бағиұлы МХР әдебиетінің де көрнекті өкіліне айналды. Халықтың ауыр тұрмысы, оның екі жақты езгідегі өмірі Ақтанның революцияға дейін жазған шығармаларының негізгі арқауына айналды. Ақтан жаңа өмірді, революция әкелген жаңалықты зор шабытпен жырлады. Халықты өнер-білімге, мәдениетке үндеді. "Әлменге" (1940) атты өлеңінде кедейлерді жер жыртып, егін салуға шақырды. Рев. идеал, партиялық, халықтық, таптық принциптерге адал Ақтан өзінің творчествосын жаңа қоғамның мұратымен қалтқысыз ұштастыра білді, "Жылқышы қыз" (1942), "Айталбай" (1943), "Жылқышы өні" (1952) өлеңдері ауыл еңбеккерлерінің ерлігін мадақтаса, "Жаңа өмірім" (1955), "Театрға қуаныш" (1956) өлеңдері мәдени өмірдегі жаңалықтарды жырлауға арналды. Ақтан Ұлы Октябрьді, Ленинді халықтар достығы тақырыбын да творчествосының өзегі етті. "Таң жарығы туралы мысал" (1940), "Октябрь" (1947), "Ленин – бүкіл әлемге атқан таң" (1947), "Москва" (1959) т. б. өлеңдері – Октябрьдің азаттық идеясын, Ленин ілімінің мәңгілігін, Кеңес Одағының Монғолияға көрсетіп отырған туысқандық, достық көмегін әр қырынан көрсеткен туындылар. Қарымды қаламгер поэзиясы 60 жылдардың басында жаңа белеске көтеріліп, эпикалық жанрға құлаш ұрды. Монғолия қазақтарының гимні болған "Бүркіт" (1959) поэмасы ұлттық поэмалардың төл басы, Монғолиядағы қазақ поэмаларында жаңалық ретінде бағаланды. Ақтан М. қ. ә.-нде драматургия жанрына тұңғыш қалам тартып, оның туу, өркендеуіне елеулі үлес қосты. "Елім-ай" (1940), "Қалқаман-Мамыр" (1941), "Жас өркен" (1942), "Жамал" (1944), "Қалың мал" (1946), "Айқатша" (1947) сияқты көптеген пьесалар жазып, Монғолия қазақтарының